

## ЛЕКЦИЯ 11. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ЖАРЫС ТҮРЛЕРІ.

1. Жалпы білім беретін мектептегі дене шынықтыру жаттығуларының жарыс түрлері.
2. Спорт жарыстар өткізу мен жарыс жоспарын құру.

Секцияның әр мүшесі өзі таңдап алған спорт түрі бойынша жарыстарға қатысу міндетті болып есептеледі және секциядағы оқушы оқыған әр жылдың сынақ талаптарының; құрамына енеді. Секцияның оқу жоспарында оқу-спорт жұмыстарының белгілі бір кезеңін қорытындылайтын жарыстар да қарастырылады.

Барлық секциялар бойынша өткізілетін жарыстардың күні мен оларды өткізетін орын, қатысушылар мен өткізуге жауапты адамдар көрсетілген жарыстар тізімі *спорт жарыс тарының күнтізбесі* деп аталады. Жарыс күнтізбесін құрастыратын мұғалім оны мұқият ойластырып жасауы қажет. Олар бүкіл ұжымның және секцияның оқу жоспарынан туындағаны әрі мектептің сыныптан тыс жұмыстарының күнтізбесімен байланысты болғаны аса маңызды. Жарыстардың саны секциялардағы сабақтардың қалыпты өтуін бұзбайтындай және оқушыларға көп күш түсірмейтіндей болуы қажет. Оқу жылы ішінде секцияда 3-5 жарыс өткізілсе, онда ол қалыпты деп есептеледі.

Спорттық жарыстардың күнтізбесі негізіне мектепке белгілі болған аудандық, қалалық оқу бөлімдерінің спорттық жарыстарының күнтізбесі мен мектептің сыныптан тыс жұмыстарының күнтізбесі алынады. Жарыстарды жоспарлаудағы елеулі кемшіліктердің бірі - басқарушы органдардың өз күнтізбелерін мектептердің назарына уақтылы жеткізбеуінде. Осының салдарынан мектептер өздеріндегі жарыстардың күнтізбесін бұзуға мәжбүр болады және жарыстың белгіленген мерзімін өзгертеді. Кейбір жағдайларда күнтізбені құрастыруға жоғарыдағы органдардан қажетті нұсқауларды уақтылы алуға жеткілікті белсенділік танытпайтын мұғалімдердің өздері де кінәлы болады.

Алдын ала, бәрінен бұрын жарыс күнтізбесін жасаумен бір мезгілде «Жарыстар жөніндегі ереже» жасалуы керек. «Ережені» сол жарысты өткізуге жауапты ұйым жасайды, мысалы: облыстық деңгейдегі жарыстар жөніндегі ережені облыстық білім департаменттері, аудандық оқушылар жарыстары жөніндегі ережені аудандық оқу бөлімдері, ал мектепшілік жарыстар жөніндегі ережені дене тәрбиесінің мұғалімі жасап, мектеп директоры бекітеді.

Кез келген «Жарыс жөніндегі ереже» мынадай бөлімдерді қамтуы керек: жарыстың міндеттері, жарысқа даярлық пен оны өткізуге басшылық, жарыстың өткізілетін уақыты мен орны, командалар мен қатысушылардың құрамы, жарыс бағдарламасы, бағалау жүйесі және бағдарламаның әрбір түрі мен тәсілі, бағдарламаның нөмірлері мен спорт түрлері бойынша жеке қатысушы жеңімпаздар мен Жеңімпаз командаларға сыйлық беру мен мадақтау реттері, тапсырыс (заявка) беру мерзімдері.

«Ереже» сыныптарға, мектептерге, аудандарға, облыстарға сол жарысты өткізуден екі ай бұрын хабарлануы қажет.

**Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар.

**Лекцияны оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

**Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі (20 ұпайға дейін).**

**Сұрақтар:**

Жалпы білім беретін мектептегі дене шынықтыру жаттығуларының жарыс түрлері.

**БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары (30 ұпайға дейін).**

Жалпы білім беретін мектептегі дене шынықтыру жаттығуларының жарыс түрлері.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

**Негізгі:**

1. Организация и методика учебного процесса, физкультурно-оздоровительной и спортивной работы в вузе, Учебное пособие, Алматы, Қазақ университеті 2020, Г.Б. Мадиева

2. Аймақтық ерекшелік сипаты ескеріліп мектеп оқушыларына дене мәдениетінен білім берудің педогогикалық үлгісі, монография, Түркістан 2017, Б.Қ.Мухамеджанов., Б.М.Баймуханбетов

3. Болошақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік күзінеттілігін қалыптастыру әдістемесі, оқу құралы, Түркістан 2015, Б.Қ. Мухамеджанов., Б.С.Омаров

4.Спортты басқару және ұйымдастыру, Оқу құралы, Түркістан 2019, К.Д.Баетов., Б.К.Баетов., Д.М.Баетов

**Қосымша:**

1. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 1-кітап. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 368 б.
2. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 2-кітап. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 340 б.

3. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 3-кітап. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 346 б.
4. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 4-кітап. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 290 б.